



Автор: Баймуратова Шолпан Жумабаевна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу. Ондық бөлшектерді салыстыру;

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.26 ондық бөлшектерді салыстыру;
Сабақтың мақсаты:	- ондық бөлшектерді разрядтары бойынша және координаталық сәуледе салыстырады - жай бөлшекті ондық бөлшекке айналдыру ережесін негіздеп қолдана алады; - ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеуді тұжырымдай алады; - ондық бөлшектерді салыстыруды түсіндіре алады;
Бағалау критерийлері:	Білу: Ондық бөлшектерді салыстыру тәсілдерін біледі; Түсіну: Өзара тең ондық бөлшектерді анықтай алады және разрядтары бойынша санды жіктеуді түсінеді; Қолдану: Ондық бөлшектерді разрядтары бойынша және координаталық сәуледе салыстыра алады; Талдау: Есептің шартын талдай отырып, теңсіздікті қанағаттандыратын-дай қажетті цифрларды анықтайды.
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, физика
Бастапқы білім:	Жай бөлшекті ондық бөлшектерге айналдыра алады; ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндей алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1. Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу, олардың сабаққа даярлықтарын қадағалау. 2. Үй тапсырмасын тексеру. Топқа бөлу Өткен сабақ бойынша білімдерін тексеру. Жұмыстың мақсаты: Жай бөлшектерді ондық бөлшектерге айналдыра білу және жай бөлшектерді салыстыру бойынша білімдерін жинақтау, жүйелеу. Жаңа сабақты өткен сабақ тақырыбымен байланыстыру. Оқушының әрекеті: топшаларды кездейсоқ таңдайды, топшадағы жай бөлшектерді салыстырады, өсу ретімен қатарға тұрады және оларды ондық бөлшекке айналдырады. Қатардағы оқушылар бірінші, екінші, үшінші деп санап үш топқа бөлінеді. Мүғалімнің әрекеті: жай бөлшектерді салыстыруда оны ондық бөлшектерге айналдыруда оқушылардың жұмысын мақтау, мадақтау арқылы бағалау. 3. Проблемалық жағдай туғызу. - Ондық бөлшектерді қалай салыстыруға болады? - Координаталық сәуледе үлкен сан мен кіші сан бір-біріне қатысты қалай орналасады? - Сонымен, сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсыздар?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	4. Сабақтың мақсатын анықтау Сабақтың мақсатымен және жетістік критерийімен таныстыру және талдау. 5. Жаңа сабақты меңгеру Презентация көмегімен жаңа сабақты меңгерту. 6. Топтық жұмыс. Жұмыстың мақсаты:Ондық бөлшектерді салыстыру дағдысын қалыптастыру. Кездесетін қателіктерді жойып, күрделі есптер шығаруға ынталандыру. Бір-бірін бағалау арқылы өз ойларын батыл жеткізу. Қателесе отырып қате жою. Оқушының әрекеті: Бірігіп жұмыстануға қолайлы жағдай туғыза отырып, тапсырмаларды бірге талдап, бір-бірлеріне көмектесіп оқулықтағы есептерді шығару. Тапсырмалар: I топ №II топ № III топ № Бағалау: Әр топ жұмыстарын келесі топқа беріп бір-бірін бағалайды. Бағалауда келіспеушілік болса, сыныппен оқушылары барлығы бірігіп талдайды, бір шешімге келеді. Бағалау критерийі: № есебі бойынша - Жай бөлшекті ондық бөлшекке айналдыра алады; - Берілген цифрлардан ондық бөлшек құра алады; - Ондық бөлшекті оқи алады; - Ондық бөлшектерді салыстыра алады; - Салыстыру нәтижесі бойынша өсу/кему ретімен жаза алады; - Салыстыру нәтижесі бойынша ең үлкен/ең кіші ондық бөлшекті анықтай алады. № есебі бойынша - Қос теңсіздік ұғымын түсінеді; - Ондық бөлшектерді салыстыруды түсініп, талдау жасау арқылы қажетті цифрды таба алады; - Өз жауабын негіздей алады. № есебі бойынша - Ондық бөлшекті оқи алады; - Ондық бөлшектерді разрядтық қосылғыштар түрінде жазуды біледі; - Ондық бөлшектерді разрядтары бойынша салытыра алады; - Жауаптарын негіздей алады.	Презентация Алдамуратова Т.А. Матемтика -5класс, Дидактикалық материал
Сабақтың соңы	7. Деңгейлік тапсырмалар.Формативтік бағалау I деңгей №№1,6,8 II деңгей №№2,7,9 III деңгей №№3,4,5,10 8. Үйге тапсырма. 1. № Алдамуратова -5 кл 2. Перзентацияны үйде қайтадан қарау.	
Рефлексия	9. Сабақты қорытындылап, рефлексия жүргізу. Өзін-өзі бағалау анализі. - Бүгінгі сабақта кімнің жауабы саған жаңа сабақты жақсы түсінуге әсер етті? - Бүгінгі сабақтың мақсаты қандай болды? - Сабақ мақсатына жеттім деп ойлайсың ба? Жетпесең неліктен?	